

**Түркістан облысы деңсаулық сақтау басқармасының «Жансая»
облыстық балалар оңалту орталығы шаруашылық жүргізу
құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорынның 2 тоқсандағы
жиналышының
ХАТТАМАСЫ**
№_2_

Кентау қаласы

20.06.2025жыл

Төрағасы: Ж.Жұрұмбаева – басшысы

Қатысушилар: Кәсіпорынның персоналы. (*Дәрігерлер, өзге де қызметкерлер*)

Хатшы: Қ.Уитов - МСА есепшісі .

Күн тәртібіндегі қаралатын мәселе:

Орталықтың барлық қызметкерлеріне Қазақстан Республикасының сыйбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022 – 2026 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту және Қазақстан Республикасы Президентінің кейір жарлықтарына өзгерістер енгізу туралы (*Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 2 ақпандагы №802 Жарлығы*); жарлығын таныстыру, Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексін (*Қазақстан Республикасының Кодексі 2015 жылғы 23 қарашадагы № 414-V ҚРЗ*) және Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдеп кодексінің (*Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандагы № 153 Жарлығы*) талаптарын түсіндірме жұмыстары туралы.

Төрағалық етуші орталық басшысы Ж.Жұрұмбаева жиналышты ашық деп жарияладап, кәсіпорынның қызметкерлеріне Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 2 ақпандагы №802 Жарлығының 5-бөлімі «Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты дамытудың негізгі қағидаттары мен тәсілдері» талқыладап өтті. Және де осы бөлімнің 6 міндеттерімен таныстырды.

- Яғни, - Сыйбайлас жемқорлыққа төзбеушілікті қалыптастыру;
- Сыйбайлас жемқорлық мүмкіндіктерін болдырмау;
 - Жауапкершіліктің бұлтартпастығын қамтамасыз ету жөніндегі шараларды жетілдіру;
 - Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылда азаматтық қоғамның рөлін күшету;

- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шараларды іске асырудың тиімді мониторингін қамтамасыз ету;
- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органның қызметін одан әрі жетілдіру сияқты міндеттерді таныстырып, түсіндіріп өтті.

Содан соң, **МСА есепшісі (комплаенс офицері) – Қ.Уытов** түсіндірмелік насихатың мақсаты мемлекеттік биліктің барлық деңгейлерінде сыбайлас жемқорлықты барынша азайтуды қамтамасыз етуді, оның алғы шарттарын жою үшін назар аударуға, мемлекет пен қоғамның тыныс-тіршілігінің барлық салаларын қамтуды, мәлімдеді. Барлық деңгейдегі қызметкерлер мен лауазымды тұлғаларды, қарапайым жеке тұлғаларды, сый-сияпта алуға бағытсыз, іскерлік қарым қатынаста болуды ескертті.

Сыбайлас жемқорлық бүкілхалықтың індегі екендігін мәлімдеді. Онымен бірлесіп күресуді (*жұмылдырылған түрде*) ұсынды.

Содан соң, **(комплаенс офицері) – Қ.Уытов** Қазақстан Республикасының Кодексі 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V ҚРЗ Еңбек Кодексінің 22-бабы. Жұмыскердің негізгі құқықтары мен міндеттері

1. Жұмыскердің:

- 1) осы Кодексте көзделген тәртіппен және жағдайларда еңбек шартын жасасуға, өзгертуге, толықтыруға, тоқтатуға;
- 2) жұмыс берушіден еңбек, ұжымдық шарттардың, келісімдердің, жұмыс беруші актілерінің талаптарын орындауды талап етуге;
- 3) еңбек қауіпсіздігіне және еңбекті қоргауга;
- 4) еңбек жағдайлары мен еңбекті қоргаудың жай-күйі туралы толық және анық ақпарат алуға;
- 5) еңбек, ұжымдық шарттардың талаптарына сәйкес уақтылы және толық көлемде жалақы төленуіне;
- 6) бос тұрып қалғаны үшін осы Кодекске сәйкес ақы төленуіне;
- 7) тынығуга, оның ішінде жыл сайынғы ақы төленетін еңбек демалысына;
- 8) егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгешие көзделмесе, кәсіптік одақ құру, сондай-ақ оған мүше болу құқығын қоса алғанда, өзінің еңбек құқықтары мен мүдделерін білдіру және қоргау үшін бірігүе;
- 9) өз өкілдері арқылы ұжымдық келіссөздерге және ұжымдық шарт жобасын әзірлеуге қатысуға, сондай-ақ қол қойылған ұжымдық шартпен танысуға;
- 10) еңбек (қызметтік) міндеттерін орындауға байланысты денсаулығына келтірілген зиянды өтетуге;
- 11) міндетті әлеуметтік сақтандырылуға;
- 12) еңбек (қызметтік) міндеттерін орындау кезінде жазатайым оқигалардан сақтандырылуға;
- 13) кепілдіктерге және өтемақы төлемдеріне;
- 14) өзінің құқықтары мен заңды мүдделерін заңға қайшы келмейтін барлық тәсілдермен қоргауга;
- 15) қандай да бір кемсітусіз, бірдей еңбек үшін бірдей ақыга, сондай-ақ бірдей өндірістік-тұрмыстық жағдайларға;

16) жеке еңбек дауын қарau ушін осы Кодексте көзделген тәртіппен реттілігімен келісу комиссиясына, солқа жүгінуге;

17) еңбек қauincіздігі және еңбекті қорғау талаптарына сәйкес жабдықталған жұмыс орнына;

18) Қазақстан Республикасының заңнамасында, сондай-ақ еңбек, ұжымдық шарттарда көзделген талаптарға сәйкес жеке және ұжымдық қорғаныш құралдарымен, арнайы киіммен қамтамасыз етілуге және т.б. құқығы бар.

2. Жұмыскер:

1) еңбек міндеттерін келісімдерге, еңбек, ұжымдық шарттарға, жұмыс берушінің актілеріне сәйкес орындауга;

2) еңбек тәртібін сақтауга;

3) жұмыс орнында еңбек қauincіздігі және еңбекті қорғау, өрт қauincіздігі, өнеркәсіптік қauincіздік және өндірістік санитария жөніндегі талаптарды сақтауга;

4) жұмыс берушінің және жұмыскерлердің мүлкіне ұқыпты қарауга;

5) адамдардың өмірі мен денсаулығына, жұмыс беруші мен жұмыскерлер мүлкінің сақталуына қauip төндіретін ахуал туындағаны, сондай-ақ бос түрүп қалу туындағаны туралы жұмыс берушіге хабарлауга;

6) еңбек міндеттерін орындауга байланысты өзіне мәлім болған мемлекеттік құтияларды, қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қоргалатын өзге де құтияны құрайтын мәліметтерді жария етпеуге;

7) келтірілген нұқсанды осы Кодексте және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында белгіленген шектерде жұмыс берушіге отеуге;

8) резервтегі әскери қызметті өткеру туралы келісімшарт жасасқаны жөнінде жұмыс берушіні үш жұмыс күні ішінде жазбаша хабардар етуге міндеттерін атап, көрсетіп берді.

Содан кейін, Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 153 Жарлығының 5 тарау, 3 тармағын

3. Әден жөніндегі уәкілдің қызметін ұйымдастыру

7. Мемлекеттік орган басшыларының бейтараптығы негізді күмән тудыратын, лауазымдық өкілеттіктерін тиісінше орындаудаға әкеп согатын мән-жайлар (мудделер қактығысы) болған кезде әден жөніндегі уәкіл өз қызметін дербес негізде жузеге асырады.

8. Әден жөніндегі уәкіл өз қызметінің нәтижесі бойынша уәкілетті органға есеп береді. Есеп беру нысанын және мерзімдерін уәкілетті орган бекітеді.

8-1. Әден жөніндегі уәкілдің сыйайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органмен өзара іс-қимылы уәкілетті орган мен сыйайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органның бірлескен құқықтық актісіне сәйкес жузеге асырылады.

9. Әден жөніндегі уәкіл өзінің функцияларына жататын мәселелер бойынша мемлекеттік қызметшілерді және басқа да азаматтарды олардың өтініши бойынша немесе баршага көрінетіндей жерде

орналастырылған кестеге сәйкес айына кемінде бір рет қабылдауды жүзеге асырады.

Қажет болған жағдайда, азаматпен немесе мемлекеттік қызметшімен әңгімелесу телефон арқылы не тиісті ақпарат беруді қамтамасыз ететін басқа да коммуникациялар құралдарын пайдаланумен жүргізуі мүмкін.

Әдет жөніндегі уәкіл туралы мәліметтер, оның ішінде тегі, аты-жөні, фотосуреті, кабинет және телефон нөмірлері заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік органның интернет-ресурсында және мемлекеттік органның гимаратында баршага көрінетіндей жерде орналастырылады.

10. Қызметтік әден нормаларының сақталуын, сондай-ақ ұжымдағы моральдық-психологиялық ахуалдың жай-куйін мониторингтеу мақсатында әден жөніндегі уәкіл кемінде жарты жылда бір рет уәкілетті орган бекіткен нысан бойынша анонимді сауалнама жүргізілетіндігін мәлімдей келе, ақпараттық түсіндірме берді.

Жиналыс соңында қызметкерлер тарапынан әр түрлі сауалдар жолданды. Барлық мәселелер жан-жақты талқыланып, кәсіпорын қызметкерлері тарапынан қойылған сауалдарға нақты жауаптар берілді.

Жиналыс төрағасы Ж.Жұрұмбаева жиналысты қорытындылады.

Жиналыс төрағасы:

Хатшы:

Ж.Жұрұмбаева

К.Уытов

